

Пән: Мәдени мұра және әлемдік мәдениет ескерткіштері

12-дәріс. Тарихи ескерткіштерді қорғаудағы «Мәдени мұра» бағдарламасының маңызы (2-бөлім)



Жоспар:

1. Тарихи ескерткіштер мен өнердегі адамгершіліктік әдеп ұғымына анықтама
- 2 Қазіргі замандағы дәстүрлі мәдени құндылықтарды тәрбиемен ұштастыру мәселелерін анықтау.


Мақсаты: тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру, реставрациялау, консервациялау және мұражайландыру болып табылатын «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын сараптау.

Қазақстан мен Сирия, Египет елдері арасында үкіметаралық келісімге қол қойылды және Дамаск қаласындағы қазақ этномәдени орталығының, Әл-Фараби кесенесінің құрылысы, Каир қаласындағы Бейбарыс Сұлтан кесенесін қалпына келтіру жобаларын іске асыруға байланысты жұмыстар басталды.

- 2007 жылы Қазақстан аумағындағы **20** тарихи, мәдени маңызды ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, соның ішінде **9** нысан-мазарда, «Абылай ханның ордасы» кешенінде, Семей қаласындағы бір және қос мұнаралы мешіттерде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды, **32** көне қалашық, қоныстар мен қорғандарда археологиялық зерттеулер жүргізілді.
- Көне түркі жазбаларын зерттеу және ғылыми зерделеу мақсатында Моңғолияға ғылыми экспедиция ұйымдастырылып, «Тоңыкөк» және «Тариғат» руникалық жазуы барекі балбал тастың көшірмелерін дайындау жұмысы атқарылды. Қазақ халқының және Орталық Азия көшпелі халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған **8** қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары іске асырылды.


- Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жаңа **Тізімін** әзірлеу жұмыстары аяқталды. **218** нысан енген аталмыш **Тізім** Үкімет қаулысымен бекітілді. Ұлттық және әлемдік ой-сана, әдебиет және мәдениет бойынша басылым дәстелерін әзірлеусериясы бойынша **74** атаулы кітап әзірленіп, шығарылды.
- Мемлекеттің оң имиджін қалыптастыратын Қазақстанның тарихи және мәдени мұраларын шетелге кең таныстыру бағытында жұмыстар жүргізілді. АҚШ, Германия, Тәжікстан, Иран, Египет, Украина, Қытай және Белоруссияда кітап жәнәсурет өнері көрмелері ұйымдастырылды.
- Тарихи және мәдени ескерткіштерді туризмді дамытуісіне белсенді пайдалану мақсатында мұражай кешендерінің жүйесін дамытуға көңіл бөлінді. Петропавл қаласында "Абылай хан ордасы" мұражайландырылған кешені қайта жөндеуден кейін есігін ашты. "Есік қорғандары", "Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайларын құру жұмыстары жүргізілді. Археологиялық және көнәсәулет ескерткіштерін қазақстандық жәнәхалықаралық туристік маршрут жүйесінеенгізу жұмысы қолғаалынды. 2004-2007 жылдары елді мекендерге жақын орналасқан **40-қа** жуық ескерткіш қайта жаңартылды. Олардың ішіндеАйша Бибі, Арыстан баб, Есімхан кесенелері, Үшарал, Аккойлы медресе-мешіттері жәнә т.б. бар.






➤ **2008 жылдың басынан бері мынадай жұмыстар жасалып жатыр:** аса маңызды **22** тарихи және мәдени сәулет ескерткіштерін калпына келтіру жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде Қарағұл, Ботағай кесенелері, Ақкесене мұнарасы, Қарақожа мешіті, Орал қаласындағы бірінші әскери училище ғимараты, Қалжан Ахун мешіт-медресесі, Жүсіп Ата мешіті мен кесенесі бар; көне қалашықтарда, коныстарда және қорғандарда археологиялық зерттеулер жұмыстары жалғастырылуда; ғылымның әр түрлі салалары бойынша іргелі ғылыми басылымдар әзірлеу мен шығару жұмысы жалғасуда, **83** атаумен кітаптар шығару жоспарланып отыр; шетелдерде еліміздің мұражай қорларынан алынған қолданбалы өнер бұйымдары көрмелерін ұйымдастыруға әзірліктер жасалуда. Соның ішінде, Санкт-Петербург қаласында, Лондонда қолданбалы өнер көрмесі өткізілмекші, Парижде, ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде Шәкәрімнің 150 жылдық мерейтойына арналған көрме өткізілді..

➤ "Мәдени мұра" бағдарламасының екі кезеңінде атқарылған жұмыстардың нәтижесін қорытындылау мақсатында **2009 жылы әлемнің алты тілінде:** орыс, ағылшын, француз, испан, қытай, араб тілдерінде, сондай-ақ казак, түрік, жапон және итальян тілдерінде Қазақстан мәдени мұрасы туралы кітап-альбом шығару жоспарланып отыр.

- 
- Бағдарламаны жүзеге асыру аясында алдағы уақытта күтілетін нәтижелер: 2009 жылы 14 тарихи-мәдени мұраның қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіледі; қазақ халқының бай тарихын зерттеу және көпшілікке тарату жөніндегі **27** қолданбалы ғылыми-зерттеу жобасы іске асырылады; қазақ әдебиетінің үздік шығармаларын шетел тілдеріне аудару және шығару жұмысы қолға алынады. 100 томдық «Бабалар сөзі», 100 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы», 20 томдық «Әлемдік философиялық мұра», 10 томдық «Әлемдік педагогикалық ой-сана» кітап серияларын шығару іс-аяқталатын болады.
 - Сондай-ақ екінші кезеңде тарихи-мәдени қорық-мұражайлар құру жұмысы нақты ғылыми жүйеге түсіріліп, оларды туристік инфрақұрылымға еңгізу бағытында біраз нәтижелер күтілмек. "Есік қорғандары", "Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайларының құрылысы жалғасын тауып, "Шілікті" қорық-мұражайының құрылысын бастау көзделіп отыр.


«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғырту жұмыстарының көрсеткіштері





Қазақстанда мәдениет ескерткіштерін қорғау, реставрациялау және пайдалану бойыншаарнайы ұйымдар құрылған:

- Материалдық мәдениет ескерткіштерінің ғылыми-зерттеу және жобалау институты
- Қазреставрация трест
- Реставрациялық шеберханалар
- Мәдениет басқармалары жанындағы ескерткіштерді қорғау инспекциясы
- ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің көшпелілердің мәдени мұрасы институты

- 
- Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде 1994 жылы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау Конвенциясына қосылды. 1998 жылы Министрлік ЮНЕСКО бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық комиссиясы арналары бойынша бекітілген ережелер негізінде ЮНЕСКО Дүниежүзі Мұралары Орталығының қарауына 10 ұлттық мұраескерткіштері туралы құжаттар ұсынды.
 - Олар: Қ.А.Яссауи архитектуралық кешені және Яссы-Түркістан қаласы, Тамғалы петроглифтері және археологиялық кешені, түріктердің қасиетті жері Мерке, Бегазы-Дандыбай мәдени мегалитикалық ескерткіші, Тасмола мәдениетінің тас қорғандары, Ешкі Өлмес петроглифтері, Арпа өзен петроглифтері, Қаратау палеолитикалық және геоморфологиялық кешені, Отырарескерткіштері, Ұлытау тарихи-мәдени ландшафттары.
 - 2003 жылғы 5 маусым мен 30 шілдеаралығында Парижде өткен 27 сессияда Дүниежүзі мұралары Комитеті бірауыздан ЮНЕСКО Дүниежүзі мұралары тізіміне Қ.А.Яссауи кесенесін енгізу туралы шешім қабылдады. Әйгілі қолбасшы Ақсақ Темір дәуірінде бой көтерген мәдени ескерткіш Дүниежүзі тарихи және мәдени ескерткіштері (Тадж Махал кесенесі, Ұлы Қытай қорғаны) қатарынан орын алды.

The background is a warm, orange-toned gradient. In the top-left corner, there is a dark red arrow pointing to the right. Scattered throughout the background are delicate, thin branches with small, feathery autumn leaves in shades of red, orange, and yellow. Some leaves are clustered together, while others are isolated. The overall aesthetic is soft and seasonal.

Назарларыңызға рахмет!